

**«ЗАМАНАУИ АУЫЛДЫҚ МЕНКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ:
ІЗДЕНІСТЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕР»
ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН
МОБИЛЬДІ ТОПТАРДЫҢ ӨңІРЛІК СЕМИНАР ТУРАЛЫ
АҚПАРАТ**

Ағымдағы жылдың 27 наурызында ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Түркістан облысында офлайн форматта «Заманауи ауылдық менктепке дейінгі ұйым: ізденістер мен нәтижелер» құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың өңірлік семинары (бұдан әрі-Семинар) өткізілді.

Семинардың мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру мақсатында Түркістан облысы мобильді топтары, құзыреттілік орталықтарының және консультациялық пункттердің озат іс-тәжірибелерін жинақтау және тарату.

Семинар жұмысына ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен «Балаларды ерте дамыту институты» РММ мамандары, өңірлік Білім басқармаларының мектепке дейінгі білім беру саласына жетекшілік ететін білім басқармаларының жауапты мамандары, ЖОО-ның, облыстық, қалалық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің әдіскерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, әдіскерлері, тәрбиешілері мен педагогтері, ЖОО-ның тыңдаушылары, ТЖКБ-ның білім алушылары, баспалардың өкілдері қатысты. Семинарға республиканың 20 облысынан 350-ден астам педагогтер қатысты.

Аталған семинарда Түркістан облысының құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтарының және консультациялық пункттерінің жұмыстары ұсынылды.

Қатысушылар 6- тәжірибелік алаңға бөлініп келесі бағыттар бойынша жұмыстарын көрсетті:

1.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа бағдары» («Балбөбек» МКҚК Ордабасы ауданы офлайн); осы құзіреттілік орталық базасында бірқатар балабақшалардың педагогтері қоса жұмыстарын көрсетіп бөлісті олар; «Айназия» ЖШС, «Шымқорған»ЖШС, «Аққу» МКҚК, «Кәусар Әли» ЖШС, «Ақмарал» МКҚК, «Батон-2» ЖШС, «Раушан»МКҚК, «Шолпан» МКҚК бөбекжай балабақшалары.

2.«Балабақша –мейірім мекені» («МК-Аяулым» ЖШС сайрам ауданы офлайн); осы құзіреттілік орталық базасында бірқатар балабақшалардың педагогтері қоса жұмыстарын көрсетіп бөлісті олар; №2 «Сайрам» МКҚК, «Шаттық» МКҚК, «Бөбек» МКҚК, «Арай» МКҚК, «Балажан» МКҚК, «Рахатой ана» ЖМ , №93 Абылайхан ат. ЖББМ, бөбекжай балабақшалары.

3.«Жаңа бағыт, сапалы қызмет, тиімді әдістер» («Айшуақ»МКҚК созақ ауданы офлайн); осы құзіреттілік орталық базасында бірқатар балабақшалардың педагогтері қоса жұмыстарын көрсетіп бөлісті олар;

«Балдырған» МКҚК, «Болашақ» МКҚК, «Таукент гүлдері» МКҚК, «Самал» МКҚК бөбекжай балабақшалары.

4. «Балаларды белсенді танымдық-зерттеушілік іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру» («Таңшолпан» МКҚК Түлкібас ауданы онлайн) осы құзіреттілік орталық базасында бірқатар балабақшалардың педагогтері қоса жұмыстарын көрсетіп бөлісті олар; «Камшат-1» ЖМ, «Мерей» МКҚК, «Жансая» КММ санаторлық бөбекжай бақшасы, «Алтын ұя» МКҚК, «Нұр-бала» ЖШС, «Жанерке» МКҚК бөбекжай балабақшалары.

5. «Мектепке дейінгі ұйымда тұлғаны дамытуда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру» («Балғын» МКҚК Түркістан қаласы онлайн) осы құзіреттілік орталық базасында бірқатар балабақшалардың педагогтері қоса жұмыстарын көрсетіп бөлісті олар; «Ақжелкен» МКҚК санаториялық балабақшасы, «Айгөлек» МКҚК, «Балапан» МКҚК, «Толағай» МКҚК, «Әлия» МКҚК бөбекжай балабақшалары.

6. «Балаларды тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйым мен отбасының ынтымақтастығы» (№3 «Балбөбек» МКҚК Сарыағаш ауданы онлайн) осы құзіреттілік орталық базасында бірқатар балабақшалардың педагогтері қоса жұмыстарын көрсетіп бөлісті олар; №1 «Гүлжан» МКҚК, №6 «Балаби» МКҚК, «Айбөпе» ЖШС бөбекжай балабақшалары.

Семинар барысында өңірлік Жол картасы аясында құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың жұмысы; облыстық жобалар «Ассистент ата-ана», консультациялық пункттер; «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» «Аналар мектебі», басқа да «Интеллектум ойындары», «Робототехника», «ІТ микроәлемі», «Fastraskids», «Монтессори», «STEAM» , ұлттық ойындар, шахмат үйірмесі және эко мәдениетті, сенсорлық тәрбиені дамытуда түрлі ұйымдастырылған қызметтерінде педагогтер озық педагогикалық тәжірибелерімен бөлісіп: мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстың инновациялық нысандарын, ұлттық құндылықтармен ұштастырып көрсетті.

Республикалық семинардың екінші бөлімі пленарлық мәжілісі облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасында жалғасып, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің педагогтері тәрбиеленушілермен бірге жоба жұмыстарын, ұлттық нақышта әдістемелік көрнекіліктерінен көрме ұйымдастырылды. Түркістан қалалық мектепке дейінгі ұйымдардың (*Толағай бб, Әлия бб, Бөбек бб, Керемет және №31 бастауыш мектеп балабақша кешендерінің*) бүлдіршіндері музыкалық шашу шашты.

Пленарлық мәжілістің алғы сөзін ҚР ОАМ Мектепке дейінгі білім беру департаментінің тәрбие мен оқытудың мазмұны мен әдіснамасы басқармасының басшысы Б.А.Күптелеуова ашып берді. Әрі қарай Түркістан облысы Білім басқармасының оқу бөлімінің басшысы сөз алып, облыстық мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысына жалпы шолу жасап өтті. Шара барысында спикерлер Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Кентау қалалық білім бөлімінің

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдіскері Г.С.Каримова өздерінің құнды баяндамаларымен бөлісіп тәжірибе алмасты.

Республикалық семинарды қорытындылау үшін ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының директоры М.Н.Ермановаға беріліп, бүгінгі семинар ауылдық мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқытудың мазмұнына мән беру, ізденістер мен нәтижелердің сапасына жету жолдарына егжей-тегжейлі тоқталып өтті. Семинарды қорытындылай келе қатысушылар өз ойларын, ұсыныс пікірлерімен бөлісті.